



ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ЖАРНАСЫНЫҢ Талаптары

Осы қамсыздандыру жарнасының талаптары (бұдан әрі – қамсыздандыру талаптары) мына шарттардың (бұдан әрі бірге - Шарт деп аталады) аясында Қарыз алушының, «Kaspi Bank» АҚ (бұдан әрі – Банк) пен Kaspi Red клубының ұйымдастырушысының арасындағы Қамсыздандыру жарнасын пайдалану бойынша қатынастарды реттеу үшін Қамсыздандыру жарнасын пайдалану тәртібін белгілейді:

1) Банк қарызы, банктік қызмет көрсету шарттары, олардың үлгі ережелері баспасөзде және/немесе сайтта орналастырылған және ҚР АҚ-тің 388-бабында көзделген тәртіппен тараптардың арасындағы қатынастарды реттейтін банк қызметтері немесе банктік қызмет көрсету шарттарының үлгі ережелерінде (бұдан әрі – СЕ) айқындалған;

2) Kaspi RED бас шартының аясында **БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ** шарты, www.kaspi.kz мекенжайында орналастырылған Kaspi Red банктік қызмет көрсету шарты, www.kaspi.kz мекенжайында орналастырылған Kaspi Red клубының ережесі (бұдан әрі - Kaspi Red клубының шарттары).

1. Шарт бойынша өз міндеттемелерінің тиісінше (толық және уақытылы) орындалуын қамсыздандыру үшін Қарыз алушы ақшаны (бұдан әрі – Қамсыздандыру жарнасы) Банкке кепілзатқа (иелігіне) береді. Банк Қамсыздандыру жарнасын Қарыз алушының міндеттемелерін қамсыздандыру ретінде қабылданған ақшаны сақтау шотында (бұдан әрі – Кепілзат шоты) есепке алады.

2. Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемесінің мәні – алынған банк қарыздарын қайтару, қарызды және өзге де қызметті пайдаланғаны үшін есептелген сыйақыларды, комиссияларды, тұрақсыздық айыбын және Шарт бойынша, соның ішінде Шарт бойынша міндеттемелердің бұзылуына байланысты туындаған өзге де төлемдерді төлеу.

3. Қарыз алушының міндеттемелерінің сомасы, оларды орындау тәртібі және мерзімі Шартқа, берілген Дербес талаптарға және/немесе Шарттың аясында айқындалған өзге де талаптарға сәйкес айқындалады. Міндеттемелердің ең көп мөлшері – СЕ-нің аясында көп дегенде отыз миллион теңге (несие лимитінің ең көп сомасы) және Kaspi Red клубының шарттарының аясында көп дегенде бес миллион теңге. СЕ-нің аясында міндеттемелерді орындау мерзімі – егер дербес талаптарда өзге мерзім көзделмесе, бір ай, ал Kaspi Red клубының шарттарының аясында – бір айдан тоғыз айға дейін.

4. Қамсыздандыру жарнасының мөлшері Кепілзат шотында есепке алынатын ақша сомасымен айқындалады және төлем және өзге де құжаттармен расталады, Банк олардың негізінде Қамсыздандыру жарнасын Кепілзат шотына қабылдайды және/немесе одан есептен шығарады.

5. Қамсыздандыру жарнасының мөлшері берілген несие лимиті (лимиттері) мөлшерінің 150%-нан аспауға тиіс. Көрсетілген мөлшерден асатын сома Клиенттің кез келген ағымдағы шотына аударылады.

6. Қарыз алушы Қамсыздандыру жарнасына ақшаны:

1) Банктің электрондық терминалдары және/немесе кассалары арқылы қолма-қол ақша салу арқылы;

2) www.kaspi.kz сайты арқылы берешекті өтеу үшін ақша аудару арқылы;

3) жазбаша және/немесе электрондық түрде, сондай-ақ ақцептісіз тәртіппен жасалатын Клиенттің нұсқауларының және құжаттардың негізінде Банктің Клиенттің банк шоттарынан ақшаны алуы арқылы;

4) Клиент пен Банктің арасында жасалған шарттарда көзделген ережелер мен шектеулерді ескеріп, заңнамаға қайшы келмейтін өзге тәсілмен Банкке аударылады.

7. Қамсыздандыру жарнасы Қарыз алушының міндеттемелерін (ағымдағы және мерзімі өткізілген) Шарттың талаптарына, Дербес талаптарға және/немесе Шарттың аясында айқындалған өзге де талаптарға сәйкес орындау үшін пайдаланылады.

8. Кепілзат шотынан алынған ақша Қамсыздандыру жарнасының мөлшерін азайтады.

9. Қамсыздандыру жарнасы, егер олар Kaspi Red клубының шарттарынан туындаған болса, Қарыз алушының Kaspi Red клубының ұйымдастырушысының алдындағы міндеттемелерін орындау үшін толығымен де, ішінара да пайдаланылуы мүмкін.

10. СЕ-нің аясында егер Банк жүргізген біржақты жақсартуларда өзгеше көзделмесе, Кепілзат шотына Қамсыздандыру жарнасына Оңтайлы төлем мөлшерінен аз сомада түскен ақша Берешекті өтеуге мынаған сай бөлінеді:

1) Ең аз төлем (Артықшылықты блокқа қосылған барлық несие лимиті бойынша) мөлшеріндегі ақшаның бөлігі ағымдағы Есеп айырысу кезеңінің соңында Берешекті өтеуге есептен шығарылады;

2) Артықшылықты блокқа қосылмаған қарыз Операциялары бойынша Берешекті өтеуге жеткілікті ақшаның бөлігі осындай операциялар (олар болса) бойынша Берешекті мерзімінен бұрын/толық өтеуге жіберіледі;

3) ақша қалдығы әр келесі Есеп айырысу кезеңінің соңында Ең аз төлем сомасында Берешекті өтеуге есептен шығарылады.

Банкте көзделген тәртіппен Байланыс арналары арқылы қарыз бойынша берешекті мерзімінен бұрын толық/ішінара өтеу жүзеге асырылған жағдайда, салынған ақша сомасы ол жеткілікті болған кезде берешекті мерзімінен бұрын толық/ішінара өтеуге жіберіледі. Салынған ақша жеткіліксіз болған жағдайда, ол Талаптардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тәртіппен Берешекті өтеуге жіберіледі.

11. Kaspi Red клубы шартының аясында Кепілзат шотына Қамсыздандыру жарнасына түскен ақша Ақы төлеу шотында (Kaspi Red шоттары) көрсетілген мөлшерде Берешекті өтеуге бөлінеді және Kaspi Red клубының шарттарына сай айқындалатын төлем жасалған күні Берешекті өтеуге есептен шығарылады.

12. Қамсыздандыру жарнасынан түскен ақша мынадай кезектілікпен Шарт бойынша берешекті өтеуге жіберіледі:

1) СЕ-нің аясында банктік қызмет көрсету шарттары бойынша талаптар;

2) Kaspi RED бас шартының, Kaspi Red банктік қызмет көрсету шартының (Клубтың қатысушылары үшін) аясында айыппұл, төлемдер мен комиссиялар;

3) Kaspi Red клубының аясында Клубтың ережелеріне сай (Клубтың қатысушылары үшін) Ұйымдастырушының пайдасына айыппұлдар, төлемдер мен комиссиялар (Қарыз алушы Банкке осындай нұсқау берген жағдайда);

4) СЕ-нің және/немесе **БӨЛІП ТӨЛЕУ және САТЫП АЛУҒА ЛИМИТ** шартының аясында банк қарызы шарты бойынша талаптар;

5) Шарт бойынша өзге талаптар.

13. Егер Шартта немесе Банкте өзгеше көзделмесе, Банк Қамсыздандыру жарнасын Қарыз алушыға оның жазбаша өтінішінің негізінде толық немесе жартылай, бірақ мұндай өтінішті алған сәтте Кепілзат шотында есепке алынған сомадан аспайтын мөлшерде беруі мүмкін.

13-1. Kaspi Gold картасы болған жағдайда, Шарт бойынша берешек толық өтелгеннен кейін осындай Шарт бойынша салынған Қамсыздандыру жарнасының қалдығы Клиенттің Kaspi Gold төлем картасы бойынша ашылған банктік шотқа қайтарылады. Kaspi Gold картасы болмаған жағдайда, қамсыздандыру талаптарының 13-тармағында көрсетілген тәртіп қолданылады.

14. Қамсыздандыру талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қарыз алушының Қамсыздандыру жарнасын пайдалануға және оған билік етуге құқығы жоқ.

15. Банк Қамсыздандыру жарнасының сомасына сыйақы есептемейді және төлемейді.

16. Шарт бұзылғанда және ол бойынша берешек болмаған жағдайда, Қамсыздандыру жарнасының қалған сомасы Қарыз алушыға оның кез келген ағымдағы шотына, ал ол болмаған кезде – Банктегі жинақ шотына немесе Қарыз алушының жазбаша өтінішіне сай қолма-қол ақшамен қайтарылуға тиіс.

17. Анықтамасы осы қамсыздандыру талаптарында берілмеген терминдер Шартта айқындалады және онда көрсетілген мағынада түсініледі.

18. Өзгерістерді немесе жаңа қамсыздандыру талаптарын Банктің www.kaspibank.kz немесе www.kaspi.kz сайттарында жариялаған жағдайда, Банк Қамсыздандыру жарнасының талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуі мүмкін.

19. Қарыз алушы Шарт жасасу немесе Кепілзат шотына ақша салу арқылы қамсыздандыру талаптарына қосылған болып саналады.
